

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Бекітемін :
Меңгеруші : Бисебаева.А.К

Келісемін: 
Әдіскер : Үсенғалиева.А.



«Еркетай» кіші тобы Ата-аналар жұмысы

Тәрбиешілер: Баймуханова С.Б
Ажибаева М.А

Ата-аналар жұмыс жоспары

Мақсаты: Балабақша мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып , отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ереше екенін түсіндіру Балабақша мен ата-аналардың тұрақты қарым-қатынасының тиімді модельдерін іздестіру .

№	Іс-шара атауы:	Ұйымдастыру түрі:	Өткізетін мерзімі:	Жауапты тәрбиешілер:
1	«Бал мекенім балабақшам»	1.«Бал мекенім балабақшам» ата - аналарға балабақшаның жылдық мақсатымен, күн тәртібімен таныстыру.\Тәрбиешілер\ 2.Ата - аналармен тренинг. \психолог \ 3.«Отбасы және балабақша ынтымақтастығы» баяндама. \Тәрбиеші: Ажибаева М А\.	Қыркүйек	Баймуханова С Ажибаева М Психолог: Қалиева.А
2	1. «Бақытты жанұя» 2 «Асыл Әжем»	Ертеңгілік. Отбасы әр баланың мақтанышы, жылуы ,қорғаны екенін сездіру. Әже өнегесін дәріптеу.	Қазан	Баймуханова С Ажибаева М
3	«Алтын күз»	Ата-анамен бірлесіп жасалған күзгі қолөнер.Осындай көрмелер арқылы балалар табиғатты танып, әсемдікті сезініп, ең бастысы – ата-анасымен бірге еңбек етуге дағдыланады.	Қараша	Баймуханова С Ажибаева М
4	«Қош келдің- жаңа жыл»	ЕртеңгілікАта-аналар, балалар бірлесе отырып,жаңа жылды қарсы алу	Желтоқсан	Баймуханова С Ажибаева М
	«Аталар-сөзі,ақылдың көзі»	Үйдің тірегі Аталармен ой бөлісу,өнегесін алу.	Қаңтар	Баймуханова С Ажибаева М
5	«Әжемнің ақ батасы»	Алғыс айту күніне (видеоролик)	Ақпан	Баймуханова С Ажибаева М

6	1.«Ақ мама»	1.Мереке күніне орай, ана мен бала арасындағы , сыйластық орнату, құрметтеуге тәрбиелеу.	Наурыз	Баймуханова С Ажибаева М
7	2.«Әз-Наурыз»	2.Ұлыстың ұлы күні туралы мағұлымат беру Ертеңгілік		
8	«Ынтымағы жарасқан»	Көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.	Мамыр	Баймуханова С Ажибаева М
9	«Менің кішкентай бағым!»	Ата-аналармен бірлесе отырып, балабақша ауласына гүл егу,бау- бақшаны отырғызу акциясына қатысу.	Мамыр	Баймуханова С Ажибаева М

Тексерілді:  «Мен кереметпін»

Мақсаты: Тәрбиешілердің эмоционалды көңіл - күйлерін көтеру, кәсіби шеберліктерін арттыру және топтасып жұмыс істеуді дамыту.

Қатысушылар: тәрбиешілер.

Жұмыс түрі: топтық жұмыс.

Көрнекілігі: тақта, үнтаспа

Барысы:

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер! Біздің барлығымыз да үнемі табыс биігінен көрініп керемет болғымыз келеді. Ал енді «керемет» дегеніміз не? Біздің бүгінгі кездесуімізде осы керемет сөзін педагогикалық тұрғыдан талдап көрейік. Енді барлығымыз «Керемет» сөзіне ұқсас бір - бір сөзден айтып көрейік: идеал, үлгілі, өте жақсы, тамаша т. б.

Жүргізуші: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «керемет» сөзіне анықтама бар: бұл «үздік, өте жақсы, ғажайып, тамаша» деген мағынаны береді. Енді осы өте жақсы қасиеттерді өз бойымыздан іздеп көрейік, керемет болмаса да бойымызда таң қаларлық, елді елең еткізерлік мінез болуы мүмкін.

Жұмысымызды бастамас бұрын танысып алайық.

Шаттық шеңбері: «Таныс болайық»

Танысу ережесі: Қатысушылар шеңбер бойымен тұрады. Сағат тілі бойымен әрқайсысы өз есімін атап, есімі жайлы, есіміне сәйкес мінез - құлқы жайлы қысқаша айтып өтеді.

Әркімнің танысуы бір - біріне ұқсамауы тиіс. (Мыс. Таныс болайық: менің есімім Айсұлу (болар - болмас басымды иемін (екінші бірі – иіледі) т. б.)

«Көңілді музыка» ойыны

Мақсаты: бойдағы шаршаудан, стресстен арылу

Шарты: шеңбер бойымен тұрып, бір - бірінің иықтарына қолдарын қояды. Музыканың ырғағымен шеңберді айнала отырып билеп, иыққа ақырын саусақ қимылдарымен массаж жасайды. Ойын кері қайталанып отырады.

Жүргізуші: Рахмет, бұл біздің сергіту жаттығуымыз болатын. Тренингіміздің келесі бөліміне өтеміз. Бірінші бөлімде біз «керемет» сөзінің мағынасын айқындауға тырыстық. Тақырыбымызды одан әрі ашу үшін керемет деген ұғымды балалардың көзімен (оқушылардың) түсінуге тырысып көреміз.

Ол үшін екі топқа бөлінеміз: 1 - топ: бастауыш сынып оқушылары (Балдырған тобы), 2 - топ: жоғары сынып оқушылары (Балауса тобы). Жайлы, жақсы отырып алыңыздар, екі қолдарыңызды тізеге қойып, орындыққа арқаларыңызды тигізіп жайланып отырып, көз алдарыңызға бастауыш және жоғары сыныптағы керемет педагогтарыңыздың жақсы қасиеттерін естеріңізге түсіріңіздер.

Қорытынды: «Балдырған» тобының пікірі: педагог мейірімді, әділ, әдемі, көңілді болуы керек.

«Балауса» тобының пікірі: педагог өз мамандығының кәсіби шебері, қатаң, қазіргі талапқа сай, жаңашыл болуы керек.

Жүргізуші: Ал енді сіздер қазіргі кейіптеріңізге еніп, тәжірибелі, керемет педагог болуға тырысыңыз. Екі топ біріге отырып бастауыш сыныптағы және жоғары сыныптағы ұстаздарыңыздың естеріңізге түскен жақсы қасиеттерін талқылап көрелік. Тақтаға жазамыз. Біздің есімізге түскен тамаша педагогқа тән жақсы сапалар: әділ, кәсіби шебер, мейірімді, жаңашыл т. б. біздің бойымыздан табылады деп ойлаймын, яғни біз – кереметпіз!

Релаксация: (Баяу музыка әуені ойналады.) Көзімізді жұмамыз. Денемізді бос ұстаймыз. Сіздер өзен жағасында отырсыздар, судың әуелгі шуылы құлағыңызға жағып, күн шуағы дененізді жылытады. Жалаң аяқ құмның үстінде жүрсіздер, құм аяқтарыңызды күйдіріп барады. Су денелеріңізді жеңілдетіп өзіңізді жақсы сезінудесіз. Өте жақсы дем алдық. Қандай ғажап табиғат деген, таза ауа, жұмсақ құм, жылы су, табиғат деген қандай тамаша! Кең дем аламыз, ақырын демімізді шығарамыз. Біздің басымыз артық ойлардан тазарды. Біз өзімізге күні бойға жетер жігер, қуат жинадық, біздің көңіліміз қуанышты. Біз осы өмірдегі ең бай, байсалды, білімді, керемет жандармыз! Енді ақырын - ақырын көзімізді ашамыз. Бір - бірімізге қуанышты сезіммен қараймыз. Біз қандай бақыттымыз!, Қандай кереметпіз! Біздің кездесуіміз аяқталып келе жатқан секілді. Бүгінгі жұмысымыздың нәтижесіне орала отырып, нағыз «керемет» педагогтардың мықты жақтарын еске түсіре отырып бір - бірімізге комплимент айтайық.



«Бал-мекенім – балабақшам»

(Баяндама)

Тексерілді: 

1. Балабақша – бала тәрбиесінің алғашқы алтын ұясы.

Әрбір бүлдіршіннің өміріндегі ең қызықты, ең бақытты кезеңдерінің бірі – балабақшада өтетін балалық шағы.

Балабақша – тек білім беретін орын ғана емес, ол – мейірім мен қамқорлықтың, достық пен татулықтың мекені. Сондықтан да біз балабақшаны «Бал-мекенім» деп атаймыз.

Бала алғаш балабақша табалдырығын аттағанда жаңа ортаға бейімделіп, айналасындағы достарымен араласа бастайды. Осы жерде ол сөйлесуді, ойнауды, үлкенді сыйлауды, достық қарым-қатынасты үйренеді.

Тәрбиешілер әр баланың бойындағы қабілетті байқап, оны дамытуға үлкен еңбек сіңіреді. Баланың тіл байлығы, ой-өрісі, шығармашылығы мен тәрбиесі осы кезеңде қалыптасады.

Балабақша – бақытты балалық шақтың мекені екені жиі айтылады. Өйткені мұнда балалар ән айтып, би билеп, сурет салып, түрлі ойындар арқылы білім алады. Әр күндері қызыққа толы өтеді. Балалардың шат күлкісі мен қуанышы балабақшаның сәнін келтіреді.

Тәрбие мен білім беруде балабақша мен ата-ананың байланысы өте маңызды. Балаға жақсы тәрбие беру үшін отбасы мен тәрбиеші бірлесе жұмыс жасауы керек. Баланың болашағы – сапалы тәрбие мен дұрыс бағыт-бағдарға байланысты.

Қорыта айтқанда, балабақша – әр баланың екінші үйі. Мұнда бала мейірімділікті, достықты, әдептілікті үйренеді. Балалық шақтың ең тәтті естеліктері де осы жерден басталады. Сондықтан әр бала үшін балабақша – ыстық ұя, қуаныш мекені, яғни нағыз «Бал-мекенім».

2. Бала – біздің болашағымыз!!!

Ұлт тәрбиесі - ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі.

Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, балабақша болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет. Бала бақытының кепілі - ата – ананың өнегелі тәрбиесінде.

Отбасы - адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі - отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінеді.

А. С Макаренко «Ата - аналарға арналған кітабында» «Бала тәрбиесінде сіздің іс қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, сөйлейтініңіз, қалай күлгеніңіз, осы іс әрекеттің барлығы бала үшін өте маңызды.

3. Отбасында ата - ананың ықыласына бөленіп, тәрбие көріп өскен бала балабақшада да мектепте де өз ісіне жауап бере алады.

Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Үйде балаларға ертегі , қызықты әңгімелер айтып беру сияқты істермен қоса оларды бір мезгіл үй шаруасымен айналыстырып отырса, бала үшін оның маңызы зор. Бұл ретте бала біріншіден білімге құштар болса, екіншіден ол еңбекке дағдыланады.

Ал еңбек пен білім егіз екенін естен шығармауымыз керек.

Дұрыс тәрбие алған бала ата - анасын қуантып отырады.

Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет.

4. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың тәрбиесі от басынан басталатыны сөзсіз.

Күнделікті « беті қолыңды жу, тісіңді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді.

Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі.

«Бақытты жанұя»

Тексерілді: 

Мақсаты: Ата-аналарды сайысқа қатыстыра отырып:

1. Отбасындағы адамдардың алатын орны туралы түсінік беру.
2. Балабақша мен ата-ана арасындағы байланысты нығайту.
3. Балалардың ата-анасына, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншіліктерін ояту.

Сыйластыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.

Құрылымы:

1. Таныстыру
2. Отбасылық өнер көрсету.
3. «Менің тату отбасым» тақырыбына сурет салу.
4. Отбасылық додақаз ойыны
5. Д/ойын: «Менің отбасым»
6. Әкелерге арналған тапсырмалар.
7. Үй тапсырмасы. (отбасылық ас)

Барысы:

Армысыздар ата-аналар, ұстаздар! Армысыңдар болашақтың бастауы, балғын шақты балалар! Халықаралық отбасы күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, бастарыңызға бақыт тілейміз! Қазақстанда қыркүйек айында Отбасы күні аталып өтілді. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, қыркүйек айының екінші жексенбісі Отбасы күні болып бекітілді.

«Отан-отбасынан басталады» немесе «Басты көрнекілік-отбасы, ошақ қасы» дегендей болашақ ұрпақтың жақсы тәрбие алып, елін, жерін сүйетін азамат болып өсуіне отбасы тәрбиесінің маңызды екені сөзсіз. Бүгін біздің балабақшамызда «Балдырған бөбекжай бақшасы» орталығында «Бақытты жанұя» атты отбасылық сайыс өткізгелі отырмыз.

Қош келдіңіздер.

Құрметті ата-аналар орындарыңызға жайғасыңыздар. Енді мен осы үш отбасына сайысқа қатысу үшін мынандай отбасы атын бергім келеді.

1. «Ынтымақ» отбасы
2. «Береке» отбасы.
3. «Бірлік» отбасы.

Отбасылық күннің ашылу кезеңіне “**Айгөлек**” тобының биші қыздарына кезек береміз.

1. Жүргізуші: Келесі кезекті отбасылық таныстыруға береміз.

Таныстыру (Өз отбастарын таныстыру).

Әділқазылар алқасының бағасын көрейік.

2. Жүргізуші: Келесі кезекті «**Біз өнерлі отбасымыз**» деп отбасы өнеріне береміз.

Отбасылық өнер көрсету. (Әр отбасы өлең, би, тақпақ сияқты өнер көрсетеді).

Әділ қазылар алқасының бағасын көрейік.

3. Жүргізуші: Құрметті сайыскер отбасылар, енді шығармашылыққа кезек берейік.

Мына ақ параққа «**Менің тату отбасым**» тақырыбына сурет салыңыздар және соңынан әңгімелеп беріңіздер. (Баяу әуен ойнау керек)

Әділқазылар алқасының бағасын көрейік.

Жүргізуші: Балалар, мен сендерге **өлең жұмбақ** айтып берейін, шешуін сендер айтыңдар.

Кіріңді сенің жуатын
Үйді шаштың деп қуатын
Тамағыңды дайындап
Жақсы көріп тұратын. (Ана)

– Бәрекелді балалар, өлең жұмбақты шештіңдер. Сендер ақылды, білімді балалар болып өсіп келе жатырсыңдар.

Отбасы күніне балалардың тартуы **Тақпақтар:**

4. Жүргізуші: **Отбасы додакаэдр ойыны.** Сұрақтарға жауап беру.
Әділқазылар алқасының бағасын көрейік.

Өте жақсы. Балалар ойын ойнап бір сергіп алайық.

5.Д/ойын: **«Менің отбасым»** ағашына отбасы мүшелерін орналастыру
Шарты: Тақтада отбасы мүшелерінің суреті ілулі тұрады. Балалар кезекпен көздерін жұмады. Тәрбиеші тақтадағы бір отбасы мүшесінің суретін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, мұқият қарап шығып, кімнің суреті жоқ екенін айтады.
Әділқазылар алқасының бағасын көрейік.

6. Жүргізуші: Отбасының алтын дінгегі, асқар тау әкелерге тапсырма беріледі.
ұл балаларымызбен бірге асық ату(**Асық ату ойыны**)
Әділқазылар алқасының бағасын көрейік.

7. **Үй тапсырмасы.(отбасылық ас)**

Аналар үйден жасап әкелген Отбасылық дастарханын таныстырады.
Әділқазылар алқасының бағасын көрейік.

8. **Құттықтау сөзін б\б меңгерушісі: Бисебаева Асел Қаржауқызына беріледі.**

Марапаттау. Құрметті отбасылар, бүгінгі сайысты қорытындыласақ. Ата-аналарға номинация бойынша мақтау қағазы беріледі.

Құрметті ата - аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Әрқашан балбақшамен тығыз байланыста болыңыздар. Ойын-сауықтарға, іс-шараларға ат салысып жүлдегер болыңыздар. Рақмет сіздерге! Сау болыңыздар!.



Тілексеріңді: 

Мақсаты: Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу.

Әже тәрбиесін үлгі ету, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. Бесік жырын құлаққа сіңіре өскен бала болашақта өз баласына да махаббатын бере алады.

Тәрбиесі: әжесін сыйлауға, аналарды құрметтеуге тәрбиелеу. Балалардың бойына адамгершілік, мейірімділік қасиеттерін сіңіру. балаларды халқымыздың ізгі қасиеттері имандылық, инабаттылық, іскерлік негізінде тәрбиелеп,

Әжемнің саясында ер жеттім мен
Аялы ақ бесікте тербетілген
Әжемдей ақ ниетті абзал жанды
Таппаймын айналсам да жер бетінен-деп
Құрметті әжелер, армысыздар!
Төрлетіңіз қадірменді әжелер
Немере үшін ең мейірімді жан – әже. «Жан жүрегім, жарығым» деп немересін,
шөбересін жүрегіне теңейтін де әже. Олай болса қадірменді қауым әжелердің ақ
тілегі көпшілік үшін тәбәрік деп ойлаймын. Сол әжелердің жолын біздерге берсе екен деп
тілек айтамын.

4-топ арасында өткізілгеліп отырған «Асыл әжем» атты әжелер сайысына қош келдіңіздер. Жас ұрпақты тәрбиелеудің маңыздылығын қазақ халқы ерте бастан түсінген. Бала – өмір жалғасы, халықтың мұрагері. Қазіргі заман қыз бала тәрбесіне ерекше мән беруді қажет етеді. «Қыз бала тәрбиелеу» деген сөз – «ұлтты тәрбиелеу» деген сөз. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі.

«Сәлем сөздің анасы»-деп әжелерімізбен жеке таныса отырсақ.

1. «Мен, әжемін, ұрпағын әлдилеген» (әже өзін таныстыру)

2. «Шебердің қолы-алтын» (ою-өрнек жасау, т/б) сол ойылған ою жайлы мәлімет береді.

Жүргізуші: Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Өнді сүйсең менше сүй. - деп Абай атамыз айтқандай әжелеріміз ою ойып

болғанша «Ана» әнін қабыл алыңыздар. орындайтын :

Жүргізуші:

Шеберлерім өнер тамып қолынан,

Жаңылмаған ата-баба жолынан.

Шебер қолдар өз өнерін көрсетсін,

Үлгі тұтсын ұрпақтары соңынан,-

3. «Өз өнерін көрсету» (Әже әлдиі, ертегі, ән, би)

Жүргізуші:

Енді ортаны ашайық,

Инжу-маржан шашайық.

Күй мен биді шалқытып,

Ән маржанын шашайық,-деп әнге кезек берейік.

6. «Сыр сандық» сұрақ-жауап...

Сұрақтар:

1. «Тілашар» тойы қай кезде жасалады?
2. Жеті ата қалай аталады?
3. «Асар» деген салт-дәстүрдің мағынасын қалай түсіндіресіз?
4. Ерулік беру қазақтың салт-дәстүрінің бірі. Мағынасын түсіндіріңіз.
5. «Бесік» жырының тәрбиелік мәні неде деп ойлайсыз?
6. Әжелердің «Кимешек» киім киюінің қандай тәрбиелік қасиеті болған?
7. Әженің бала тәрбиесіндегі орны қандай.?
8. Шілдехана тойы қай кезде тойланады?

Тентек болсам, ашынып,
Жақсы іс қылсам, асырып,
Маған сақтап жүреді,
Тәттісінде жасырып.

4. «Татулық отбасынан» (әр түрлі тапсырмаларды орындау)... Текемет оюын ойып жапсыру. (Текемет жасаймыз)

Кішкене бүлдіршініміз Ән : «Әже, әже тайым» Айзере

Тәрбиеші: «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» демекші әжелер ақ батасын берсін.

5. «Жақсы сөз, жарым ырыс» (тілек айту, бата беру) Көне көз әжелеріміздің бүлдіршіндерге арналған лебізін тыңдайық

Жүргізуші:

- Тамаша! Дұрыс айтасың. «Әжелер сөзі - тәрбие көзі» дегеніміз осы емес пе.

Бүгінгі ертеңгілікке қатысқан барша әжелеріміз өздерінің үлгі-өнегелерін мына отырған ұрпақтарға көрсетті деп есептеймін.

Балдырған бөбекжай бақшасының меңгерушісі: Бисебаева Әсел Қаржауқызына сөз кезегін береміз.

Әжелерді марапаттау.

Әже мерейі күн көзімен пара-пар,

Тұла бойға қуат беріп таралар.

Өмірімізге шуақ шашып әрқашан,

Көп жасаңыз, ақ ниетті әжелер, – дей отырып бүгінгі ертеңгілігімізге қатысқан аяулы асыл әжелерімізге, қыздарымызға сырға толы әңгіме шертетін, тойға барса қасына ертетін, әжелеріміз аман болсын дейміз. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Келесі кездескенше аман сау болыңыздар!



Тілексеріңді: 

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс - әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой - қиялдарының дамуына ықпал ету.

(Әдемі сазды әуен ойналып тұрады. Жапырақтар биін билеп балалар келеді. Би аяқталған соң өз орындықтарына жайғасады.).

Жүргізуші: Келді міне Алтын күз,

Сары шашты жаркың жүз.

Мол өнімді ісімен

Таңдандырып халқын күз.

- Сәлеметсіңдерме қадірлі қонақтар! Бүгінгі берекелі де ырысты Алтын күз құрметіне арналған ертеңгілігімізді бастаймыз.

Жүргізуші: Балалар Алтын күзге арналған тақпақтарыңды ортаға шығып айтайық:

Жеміс мол теретін

Күз дос екен бізбенен

Бәрін тауып беретін

Жомарт екен күз деген.

Берекесі сыйлауға

Өлкемізге күз келді

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді.

Алтын,сары, қызыл, көк

Алуан-алуан жапырақ

Ағаштарын жамырап

Ұшып кетті жамырап.

- Ал енді балалар орнымыздан тұрып кішкене сергіп алайық:

Ән: «Аяқпенен топ-топ»

Жүргізуші: Жарайсындар! Орындарына жайғаса отырындар!

(Балалар отырады, тарсылдаған жаңбырдың дауысы шығады).

Жүргізуші: Ой, балалар! Естіп тұрсындарма? Жаңбыр жауғысы келіп тұрған сияқты.

(Жаңбырдың дауысымен бұлт кіреді)

Бұлт: Сәлеметсіңдерме балалар!

Балалар:Сәлеметсіз бе!

Бұлт : Күзгі көк бұлт мен болам,

Көтеріліп теңізден.

Аспанға биік барамын,

Қаласам қазір сендерге,

Жаңбыр болып жауамын.

(Балаларға жаңбыр шашады)

Жүргізуші: Жаңбыр жаумай тоқтай тұр,

Дабылынды соқпай тұр.

- Біз сен жайлы өлең білеміз және оны саған орындап береміз.

Ән: «Кап-кап, тук-тук»

Бұлт : Рахмет балалар қандай әдемі өлең сендер жаңбырдан қорықпайды екенсіңдер, ал қазір, балалар мен сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр.

Ойын: «Жаңбыр мен күн»

Балалар жаңбыр жауғанда қолшатырдың астына тығылады, күнің көзі дегенде жүгіріп ойнайды 2 -3 рет ойналады.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар! Орындарына жайғаса отырындар!

(Сиқырлы әуен ойнайды. Балалар тыңдайды. «Күз ханшайымы» кіріп келеді.)

Күз ханшайымы: Береке бақ дарыған,

Жомарт көңіл жарқын күз.

Сары алтынға малынған,

Мен Күз ханшайымымын,

Сендерді көргеніме өте қуаныштымын!

- Баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймыз! Күз бақыт, береке әкелсің!

Күз ханшайымы: Сәлеметсіңдерме, балалар!

Балалар: Сәлеметсізбе, «Күз ханшайымы»

Күз ханшайымы: Балалар, сендер менің күз мезгілі екенімді қайдан біліп қойдыңдар?

Балалар: Сары жапырақтарыңыздан.

Жүргізуші: - Қош келдіңіз, «Күз ханшайымы», төрлетіңіз!

Бүгінгі мерекеміздің қонағы болыңыз, балалардың өнерін тамашалаңыз.

Төрлетіңіз, жайғасып отырыңыз!

Жүргізуші: Күз ханшайымы, біздің балалар көкіністерді мен жемістерді қалай тез ажырата алатынын білесіз бе?

Күз ханшайымы: Білмейді екем.....

Жүргізуші: Ендеше тамашалаңыз.

Ойын «Көкөністер мен жемістер ажырат»

Ойынның шарты: ортаға екі бала шығады. Балалар екі шеңбер болып тұрады. Көкіністер мен жемістер шеңбер сыртында музыка әуенімен билейді. Музыка тоқтаған кезде шеңбердің ішінде тұрған бала көкіністер мен жемістерді өз шеңберлеріне жинау керек.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар! Орындарына жайғаса отырындар!

Күз ханшайымы: Балалар, сіздер көріп тұрған көкөністер мен жемістерді көбірек жеңіздер! Себебі: бұл көкөністер мен жемістерде түрлі дәрумендер көп. Бұларды жесеңіздер денсаулықтарыңыз мықты, әлсіз болмайсыздар және де ауырмайсыздар!

Жүргізуші: Күз ханшайымы біздің балаларымыздың тамаша билегенің көріңіз.

Би: «Жүгіреді, жүгіреді кішкентай балалар»

Күз ханшайымы: Қандай жақсы балаларсындар! Өленде, тақпақта, ойынды да жақсы ойнадыңдар. Рахмет, балалар! Балалар сендерге жемісімді сыйлауға ұмытып барады екем. Топтарына барып жендер.

Бұлт: Ал мен не істеймін? Осында отырайын ба? Күз ханшайымы мен де сізбен бірге барайын. Басқа балаларды көрейін.

Күз ханшайымы: Жарайды кеттік бірге барайық! Ал балалар, қандай керемет шеттеріңнен өнерлі екенсіңдер. Ендеше мені басқа балалар күтіп жатқан шығар. Сау болыңдар, балалар! (Күз бен бұлт кетеді).

Балалар: Күз ханшайымымен қоштасады.

Жүргізуші: «Еркетай» тобының «Алтын күз» атты ертеңгілігі аяқталды. Күзге айтарымыз, берер сыйы жылдан жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын! Сау болыңыздар!



«Қош келдің -Жаңа жыл»

Тексерілді: 

Жүргізуші:

Сәлеметсіздер ме, Құрметті қонақтар, ата-аналар, балалар! Біз сіздерді Жаңа 2026 жылымен құттықтаймыз. Жаңа жыл мейрамын бастаймыз! Балалар сендер неге әдмі болып киініп алғансыңдар

Балалар:Өйткені –Жаңа жыл мерекесіне келдік!

(Балалар мен жүргізуші шыршаны айналып шыршаға шыршаның ойыншықтарына таңдана қарап алады.Сосын орындықтарына отырады.

Ән: «Жаңа жыл»

Жүргізуші: Ой балалар мен бір дыбыс естіп тұрмын

Бізге біреу келе жатқан сияқты

Бізді тез тауып алу үшін

Қане бәріміз қол соғайық

(Сиқырлы әуен ойнайды залға Ақшақар кіреді)

Ақшақар:

Ай,қандай көп балалар,

Ұлдар мен қыздар

Ал менде келдім

Сәлеметсіңдер ме балалар

Достар жаңа жыл құтты болсын!

Ай сендердің шыршаларың қандай әдемі

Қаншама ойыншықтар

Қандай әдемі

Бұл шырша сендерге ұнай ма?

Шырша туралы тақпақтар

Міне сұлу шыршамыз

Көптен күтіп сағынған

Кел балалар келіңдер

Жаңа жылды көріңдер.

Тамаша,тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Қалып едік сағынып,

Күтіп алдық жабылып.

Жолын қойдық жарық қып,

Шыршаларға шам іліп

Жаңа жылда бастаған

Жаны жайсаң жақсы адам

Аяз ата сізге мен

Айтам әнді жүздеген.

Ақшақар: ой балалар олай атуды білмеймін

Қазір мен шыршаға сыбырлап айтайын

Қуант бізді таңырқат

Шамдарыңды жарқырат!

Қане бәріміз қол соғайық бір,екі ,үш

Қуант бізді таңырқат

Шамдарынды жарқырат!
(залда жарық сөніп тұрады шыршаның шамы жанады)

Жүргізуші: Ой қандай тамаша

Шыршамыз жанды

Ән «Кішкентай шыршамыз»

Жүргізуші: Қалып едік сағынып,

Күтіп алдық жабылып.

Жолын қойдық жарық қып,

Шыршаларға шам іліп

Ақшақар: Ертегі басталды!

Мерекеміз жалғасады

Аққала: Мен осы жердемін!

Ақшақар : қайдасын? (шыршаның артына қарай барады)

Аққала: (шыршаның алдында) Мен осы жердемін!тут

Ақшақар: Қай жердесін?

Аққала: Мен осы жердемін!

Ақшақар: Қай жердесін? Ой бұл не нәрсе? Бұл қалай болғаны а?

(балалар ертегіден бұнымен кім ойнап тұрғанын біліп қояды)

Ақшақар: мен де осы жердемін «Мен осы жерге аққаланың мұрнына арнап жаңа сәбіз алып келіп едім ,енді оны таба алмай тұрмын,олай сәбізді қоянға беремін.

Аққала : (жүгіріп шығады) Тоқта,Тоқта Ақшақар

Мен осындамын,яғни осы жердемін

Мен аққаламын,аққаламын

Мен ойнағанды жақсы көрем

Би билеп ән салғанды да жақсы көрем

Қане менің достарым шығындаршы

Менімен бірге көңіл көтеріңдер

Би «Көңілді аққалалар»

Аққала

Барлық қыс бойы аппақ дала

Мен қыс бойы қардан

Домалақтар жасадым

Аппақ қаршықтар да жасадым

Қане бәрің тұрындаршы

Осы қаршықтарды алындаршы

Маған қарай атындаршы

Ойын

Жүргізуші:Бір,екі,үш,төрт,бес

Ойынымыз аяқталсын тез!

Аққала:ой маған ыстық-ыстық

Менің аяқтарым еріп барады

Маған салқын болу үшін

Балалар қаттырақ үрлендерші

(балалар үрлейді)

Жүргізуші: Аққала саған не болды?

Түрің біртүрлі болып тұр?

Сен ауырып қалған жоқсың ба?

Аққала : Ой балалар мен тағыда еріп барамын

Еріп барам еріп барам

Еріп барам еріп барам көмектесіңдерші?

Ал сендер қолдарыңды бұлғандар!

Балалар қолдарын бұлғайды

Жүргізуші: Ақшақар су әкелу керек

Аққалаға су беру керек

(ақшақар күрішкеменсу және бірге кәмпит береді)

Аққала: (ішіп алады) Қандай мөлдір таза су!

Жүргізуші:Сен тағы да бізді қорқыттың!

Аққала: Мен сендермен тек қана ойнадым !

Ақшақар: Жарайсың Аққала!

Көңілімізді көтеріп күлдірдің
Осы үшін саған сәбіз беремін.

(Аққалаға сәбізді береді)

Би «Қаршақыздар биі»

Аяз ата Аяулы ата- аналарға, ардақты ұл - қыздарға

Бүлдіршін балаларға бір сәлем!

Қандай жарқын жүздерін,

Қандай әсем жырларың

Асаулармен алысқан,

Асау желмен жарысқан

Аталарың сендерге

Шаршап келді алыстан

Жаң жылдарыңыз құтты болсын!

Аққала: Аяз ата біз сені енді осы шеңберден шығармаймыз. Бізбен бірге ойын ойна

Ойын «Қатырамын»

Ақшақар: Ал Аяз ата олай болса көңіліңді көтер ал балалар саған қол соғып қуансын!

Аяз Ата билейді

Жүргізуші: Аяз ата сіз ұзақ жол жүріп шаршадыңыз

Шыршамыздың жанына отырып дем алып алыңыз. Әдемі шыршаның жанында өзіміздің өнерлерімізді көрсетейік.

Балалардың тақпақтары

Жылдың әнін бастайын,

Аяз- Ата кеп қалды.

Майысады жас қайың,

Көтере алмай көп қарды.

Аппақ, аппақ қар аппақ,

Аппақ, аппақ дала аппақ.

Қырау, қырау тал аппақ.

Айналаның бәрі аппақ.

Жүргізуші: аяз Ата бізбен бірге ойнадыма? *(балалар–Ия!)*

Ән айттыма? - *(балалар–ия!)*

Балаларды күлдірді ме? - *(балалар–Ия!)*

Ал Аяз ата не ұмытты? – *(Балалардың жауабы)*

Аяз Ата:

Қоян маған көмектес

Сыйлықтар табылсын тез

Шыршаның жанына табылсын тез

(Ақша қар барып шыршаның артынан сыйлыққа толы қап тауып алады)

Кейіпкерлер сыйлықтарды үлестіреді

Аяз ата: Жарайсыңдар , балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіндер.

Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер.

Аяз Ата, Ақшақар, Аққала, барлығы бірге Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар! *(қолдарын бұлғап шығып кетеді)*



«Аталар сөзі – тәрбие көзі»

Тексерілді: 

Мақсаты: Халқымыздың ата заманнан келе жатқан ұлттық мұрасының бірі ұлттық салт-дәстүр негізінде адамгершілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу. Ұлттық дүние таным негіздерін қалыптастыру. Бабалардан қалған ұлағатты, ғибрат аларлық сөздерді балаларға ұғындыру, сол сөздерден өнеге алуға баулу.

Ата салты – ардақты
Әрбір сөзі салмақты.
Сол сөздерді ұқпасаң
Тістерсің бір күн бармақты.

Көп жасаған қария
Ақылы теңіз – дария
Көп өнеге сөзі бар
Сөзі соқпақ, өзі нәр.

Тәрбиеші: Күнделікті өмірде үлкен адамдардың айтып отыратын ырым мен тыйым сөздер жарысын өткізейік. Кім көп біледі, кімнің есінде қалғанын көрейік

«Қазақша» би.

Тәрбиеші: Ендігі кезекте біз ненің жақсы, ненің жаман екендігімен, қасиетті ұғымдармен танысуымыз керек.

«Менің елім Қазақстан» әні орындалады.

Тәрбиеші: мақал-мәтел айту түрінде жалғастырамыз. Мақалды бір ата бастауы керек, ол кімге доп берсе, сол ата мақалды жалғастыруы керек. Таңдап алынған мақалдар тіл, шешендік, ата-ана, ұл, қыз туралы айтылатын мақалдар.

- 1.Таппасаң сөздің жүйесін / отына өзің күйесің.
- 2.Ақылдың сөзі қысқа / көпке болар нұсқа.
- 3.Шешен сөз бастар / батыр қол бастар.
- 4.Қылыш жарасы бітеді / сөз жарсы бітпейді.
- 5.Көп ішінде сөйлеген / ойға салмай сөйлеген.
- 6.Көсемдіктің белгісі / шешендіктің белгісі.
- 7.Көп сөз – күміс / ас сөз алтын.
- 8.Жақсы жігіт аспандағы жұлдыз / Жақсы қыз жағадағы құндыз.
- 9.Әке көрген оқ жонар / шеше көрген тон пішер.
- 10.Өткір тіл дарын / ұзын тіл жауың.
- 11.Келісті сөз – күміс / жемісті жұмыс – алтын.
- 12.Тоқсан ауыз сөздің / тобықтай түйіні бар.

13.Тіл тас жарады / тас жармаса бас жарады.

14.Жігіт болсаң жеті елдің тілін біл / немесе жеті түрлі ғылым біл / допты тәрбиешіге қайтарып береді.

Тәрбиеші: Міне, балалар, сендер тәлім-тәрбие аларлықтай «Ақыл сөз, нақыл сөздер» өте көп екен. Сондықтан да үлкендердің әр сөзіне зер салып, әр сөзінің астарына үңіле білу керек.



Тақырыбы: «Алғыс айтамын»

Тексерілді: 

Мақсаты: балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту

Міндеттері: - ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру;

- үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту;

- әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу

- "алғыс күні" ұғымының мағынасын ашу, балалардың түсіну, бұл ұғымдар маңызды болып табылады олардың әрқайсысы дамыту үшін мәдени құндылықтар мен адами қарым-қатынасын қалыптастыру;

- шығармашылық қабілеттерін, мәдени және этникалық төзімділік пен іскерліктерін дамыту;

Барысы:

Ризамын бүгінге,

Ризамын бүгінге,

Ризамын бүгінге,

Ризамын қазірге!

Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге,

Ризамын, ризамын, ризамын қазірге.

Талайлы тағдырлардың басын өз шаңырағының астына біріктіріп, қанатымен су сепкен қарлығаштай, қамқорлығына алған Қазақстанда адамның адамға құрмет көрсететін күні белгіленбек. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев барлық ұлттың бір - біріне және қазақтарға алғыс айту күнін бекітуді ұсынды.

Тақырыптың мақсатын түсіндіру.

Әңгімелесу

Ризашылық дегеніміз не?

Алғыс дегенді қалай түсінесіңдер?

- Адам өзінің ризашылығын, алғысын қандай сөздермен білдіреді?

- Сендерге кім қандай жағдайда алғыс айтты?

- Өздерің қандай жағдайда алғыс айтып көрдіңдер?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Ризашылық - адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезімі.

- Алғыс – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай - ақ оның ойы мен іс - әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі.

Ризашылық ұғымымен тағы қандай ұғымдар байланысты? Адамдар арасындағы ынтымақты қарым - қатынастың орнауы әр адамның өзіне және қоршаған ортасына тікелей байланысты. Сондықтан «Ризашылық» атты Қазақстан елінің барлық оқушылары мен отбасылары қатысатын акциясы өткізіледі. Осы акция төңірегінде көмекті қажет ететін балалар мен ересек адамдарға ақшалай, тұрмысқа қажет құралдар мен киім - кешек түрінде көмек көрсетіледі. Осы акцияның негізін салушы Сара Алпысқызы.

1 конкурс "Ризашылығымызды білдіре аламыз ба ?"

1. Рахмет айту туған жерге...(ол береді маған нан, үй, азық-түлік және т. б.)
- 2.Рахмет айту еліміздің Президентіне, өйткені... (осындай елбасымыздың арқасында дамушы мемлекетте өмір сүріп жатқанымызға және тату-тәтті бейбітшілік өмір сүріп жатқанымызға)
3. Біз алғысымызды ата-аналарға айтқымыз келеді...
- 4.Рахмет айту біздің ата-ана мен балабақшаға...
- 5.Рахмет айту адамдарға достарыңызға...





«Ақ мама»

Тексерілді: 

Жүргізуші:

Армысыздар, аяулы аналар, әжелер, қонақтар!

Көктемнің шуақты мерекесі – 8 Наурыз халықаралық әйелдер күні құтты болсын!

Бүгінгі бүлдіршіндердің дайындаған мерекелік ертеңгілігін қабыл алыңыздар!

Әуенмен қолдарына гүл ұстап кіреді.

Тақпақтар:

1-бала:

Анашымды жақсы көрем,

Аймалайды, әлпештер.

Мерекеңмен құттықтаймын,

Бақыт тілеп мен өтер.

2-бала:

Әжем менің ақ әжем,

Мейірімді бақ әжем.

Әлди айтып өсірген,

Қандай жақсы әжем!

3-бала:

Көктем келді шуақты,

Құтты болсын мереке!

Аналарға сыйлаймыз,

Бақыт, шаттық, береке!

Ән: «Анашым» әні

Би: «Гүлдер» биі

Ойын: «Анама көмектесемін»

(Балалар ойыншықтарды жинайды немесе кір қыстырғыштарын іледі.)

Ән: «Құттықтаймыз, аналар!»

Би: «Жігіттер» биі

Жүргізуші:

Құрметті аналар мен әжелер!

Сіздерге зор денсаулық, қуаныш, бақыт тілейміз!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Балалар аналарға қолдан жасаған сыйлықтарын береді.



«Әз-Наурыз»

Тексерілді: 

Жүргізуші: Балалар! Бүгін біз осы залда Қазақтың ұлттық мерекесін тойлауға жиналдык **Наурыз** – жердегі тіршіліктің жаңаруы.

Бала:

Наурыз – көңілді мереке
Наурыз – көктем мерекесі.
Наурыз – бұл гүлдену мерекесі
Наурыз – махаббат мерекесі.

Бала:

Наурыз мерекесімен құттықтаймыз
Біз бүгін барлық адамдармыз
Бақыт, қуаныш тілейміз
Көктем, жылы күндер.

Жүргізуші:

Наурыз келді, көктем келді,
Біздің жеріміз бірден гүлденді.
Барлығы мерекеге қуанышты,
Мұнда барлығы ағасы мен досы,
Күн мен жылумен жылынған,
Біз көктем туралы ән айтамыз.

Балалар күрпештердің қасында тұрып ән айтады "Көктем"

Бала:

Наурыз бізге керемет келді
Жаңа бимен, жаңа әнмен
Онымен бірге көктемді қарсы аламыз,
Біз бірге көңілді ойнаймыз

Ал енді назар аудару үшін ойын ойнайық

Егер келіссеңіз, шапалақтаңыз. Егер келіспесеңіз, таптаңыз.

- Наурыз – қазақтың ұлттық мерекесі ме?
- Қазақтың ұлттық тағамы – борщ?
- Қазақтардың ұлттық баспанасы – киіз үй?
- Бауырсақ құймақ күніне пісіріле ме?
- Қазақстанның дала гүлі қызғалдақ па?
- Наурыз бейбітшілік, достық және көктем мерекесі ме?

Би: "Қамажай"

Жүргізуші: халқының ұлттық ойындары көп. Кішкентай балалар алаңға жиналып, көңілді ойындар ойнайды.

"Гүл тер" ойыны өткізіледі

Балалар атқа мініп, залды айналып өтіп, тоқтаусыз еңкейіп, гүлдерін көтереді. Кім көп гүл жинаса, сол жеңімпаз болады

Бала:

Біз бүгін осында жиналдык:
Наурыз мерекесін қарсы алу үшін!

Күлімсіреу, ойындар, сыңғырлаған күлкі,
Олар бүгін барлығын қуанта берсін

Бала:

Наурыз – өмірдің бастауы!

Наурыз – бұл қуаныш пен күлкі!

Наурыз айында бүкіл жер гүлдейді,

Наурыз – баршаға арналған мереке

Жүргізуші: ("Бесік жыры" әуені естіледі)

қазақ халқының салт-дәстүрлері көп. Солардың бірін сіздерге таныстыруға барамыз. Бұл ырым деп аталады **Бесікке салу** - баланың дүниеге келуіне байланысты. Бұл салтанатты шара сәбиді алғаш рет "Бесікке" — тербелетін бесікке салғанда ұйымдастырылады. Қонақтар шақырылады, мерекелік дастархан жайылады, сондықтан "Бесікке салу" рәсімі "Бесік той" деп те аталады. Әдет бойынша "Бесікті" балаға анасы жағынан әжесі дайындап, әкеліп береді. Алғаш рет баланы бесікке салу тәжірибелі әйелге тапсырылады. Сәбиді алғаш рет "Бесікке" жатқызу үлкен мәртебе. Қазақтың наным— сенімі бойынша "Бесікті" әуелі түтінмен түтіндетіп, зұлым рухтарды қуып шығарады, сосын қызықты ырым - "Тыштырманы" орындайды. Ол үшін кәмпіттер мен тәттілер бесіктің түбіндегі ыдысқа арналған тесіктен өтіп, "Тышты! Тышты!». Бұл сенім жаңа туған баланың үйге береке мен байлық әкелетінін білдіреді.

Бесік жоғарыдан 7 затпен жабылған. (қамшы, тізгін, шапан, қысқа тон. Әр нәрсенің символдық мәні бар деп есептелді: батыр, батыл, өз халқын ойлайтын адам болсын.

Жүргізуші: бұрын да, қазір де ән шырқай бастағанда шопандар жайлауға шығады. Олар киіз үйлерде тұрады, оны тез жинап, бөлшектеуге болады. Ал енді киіз үйді қалай құрастырып, бөлшектеуге болатынын қарастырамыз.

"Киіз үй қонақтарын күтеді" ойыны

Ойынға балалардың 2 кіші тобы қатысады, олардың әрқайсысы орамал ілінген орындықтың айналасында шеңбер жасайды. Музыка аяқталғаннан кейін балалар орамалды бұрыштарынан алып, шатыр түрінде бастарына созады (киіз үй шығады)

Жүргізуші: балалар, біздің мерекеміз аяқталды

Бүгін мерекені бірге тойладық,

Ән айтып, би билеп, өлең оқыды.

Наурыз бізге мереке сыйлады,

Наурыз бәрімізді біріктірді!



Тақырыбы: Ынтымағы жарасқан

Тексерілді: 

Мақсаты: Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Ұрандар, қима көгершіндер, шарлар, гүлдер.

(Ән ұран орындалады.)

Жүргізуші:

Бірлік пен ынтымағы халықтың -

Көгімізде жарасқан жарық күн!

Ырыс, дәулет бақыты үшін халықтың,

Жайнай берсін, жайнай берсін алтын күн!

- дей келе Қазақстан халқының бірлігіне арналған «Береке-бірлікте, ырыс-ынтымақта» атты мерекемізді тамашалауға шақырамыз.

Жүргізуші:

Бұл мереке бұрын бүкіл әлемдік «Еңбекшілер күні» болып тойланды.

Қазір ол «Дүниежүзілік ынтымақтастық күні» болып есептеледі.

(«Елім менің» атты ән орындалады)

1-Сары, ақпыз, қарамыз,

Бәрімізде баламыз.

Біз Отанда тұрамыз,

Біз мектепке барамыз.

2-Енді бүгін қарасам,

Айналам бақыт кең жатыр.

Бірімен-бірі туысқан,

Қол ұстасқан ел жатыр.

3-Достығымыз жарасқан,

Ақпыз, қара, сарымыз.

Қара жер мен көк аспан,

Ортақ дала тауымыз.

4-Ортақ жұтар ауамыз,

Ортақ жарық күніміз.

Достық туған анамыз,

Жердің қызы, ұлымыз.

Хормен:

Отан ортақ,

Жер ортақ,

Еңбекпен қостық тағдырды.

Би: Қазақ биі

Жүргізуші:

Ел тарихы, жер тарихы өзіміз,

Болашақтың қасиетті көзіміз.

Барлық ұлтпен бауыласып жетерміз,

Ақ-қараны тіліп тұрса сөзіміз.

(Ән «Атамекен»)

Жүргізуші:

Міне, осындай кең байтақ Республикамыздың егінді даласы, күмісін шашқан көлдері, кенге байтақ өңірі, малға толы өрісі, Қазақстан Республикасының болашақ ұрпағы, келешек азаматтары, сендерге өсиет болып қалады.

Би: Ақ көгершін

Жүргізуші:

Бірлік - халық салты. «Халқымыздың бірлік салты отбасынан басталып, бүкіл елдің, барлық адам баласының бірлігімен ұласады».

Бейбітшілік құсы, ақ көгершін,

Биік ұшып самғасын.

Тілегімізді жерге жайсын,

Қанаттары талмасын.

Далаға шығамыз:

Қағаздан жасалған ақ көгершіндерді биікке шарға байлап ұшыру. Барлық қатысушылар бірге шығып, көрермендермен қоштасады.



Менің кішкентай бағым

Әлқиссасың: *А.Ж.*

Наурыз тойындағы игі дәстүрлердің бірі – тіршілік аталулы көктеп-көгерсін, өсіп-өнсін деген ниетпен тал егу. «Бір тал кессең, он тал ек», «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» дейтін халқымыздың ізгі дәстүрін жалғастырып, балабақша ауласына тал көшеттерін отырғызды.

Жаңа өмірдің бастауындай балабақша ауласының шырайын аша қаз-қатар тізілген шыршалар талай баланы саясына алары анық. Игі іске Еркетай топ ата-аналар үлес қосты.

